

Теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 92 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 наурызда № 10405 тіркелді

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-9) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидалар бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Көлік комитеті (Ә. А. Асаубаев):
 - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;
 - 3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын;
 - 4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі Ж.М. Қасымбекке жүктелсін.
4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
Ә. Исекешев*

министрі

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму

Теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидалар

1. Жалпы ережелер

1. Осы Теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі т ә р т і п т і а й қ ы н д а й д ы .

2. Осы Қағидалардың әрекеті кеме тізілімдерінде мемлекеттік тіркеуге жататын теңіз кемелеріне қолданылады.

3. Теңіз кемелерінің жабдықтары халықаралық талаптарға сәйкестік мәніне куәландыруға жататын құтқару және дабыл құралдарынан, радиожабдықтан және навигациялық жабдықтан тұрады.

2. Теңіз кемелерін құтқару құралдарымен жабдықтау тәртібі

4. Барлық теңіз кемелері олардың мақсатына және жүзу ауданына қарамастан, құрамына мыналар кіретін құтқару құралдарымен жабдықталады:

- 1) құтқарушы және кезекші қайықшалар;
- 2) құтқару салдары;
- 3) құтқару дөңгелектері;
- 4) құтқару кеудешелері;
- 5) гидротермокостюмдер;
- 6) жылу қорғау құралдары;
- 7) түсіріп-отырғызатын сырғымалар;
- 8) түсіргіш құрылғының шығырлары.

5. Кеменің борты арқылы түсірілетін құтқару қайықшалары еспелі бұрамадан алыста, кеменің тұмсығына орналастырылады және түсіру құрылғыларына бекітіледі.

Кезекші қайықшалар оларды түсіруге және көтеруге ыңғайлы жерде бес минуттан аспайтын уақыт ішінде түсіруге әрдайым дайын жағдайда орналастырылады.

Құтқару және кезекші қайықшалардың көлемі және оларға сиятын адамдардың саны оларға анық және шайылмайтын белгілермен жазылады.

6. Құтқару салдары олардың бекітпесін қолмен босатып алатындай етіп орналастырылады.

Құтқару салдарына олар көтере алатын адамдардың саны анық және шайылмайтын

б е л г і л е р м е н

б а с ы л а д ы .

7. Кемеде құтқару дөңгелектері кеменің екі бортында да және мүмкіндігінше барлық ашық палубаларда оңай қол жететіндей етіп орналастырылады.

Әрбір құтқару дөңгелегінде кеменің атауы мен тіркелген порты латын әліпбиінің б а с п а ә р і п т е р і м е н б а с ы л а д ы .

Құтқару дөңгелектерінің кемінде жартысы суда сөнбеуге тиіс өздігінен тұтанатын оттармен жабдықталады. Осы оттар оларды дөңгелектерге бекіту үшін қажетті құралмен бірге оларға арналған дөңгелектерге жақын орналастырылады.

8. Теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін құтқару кеудешесі көзделеді.

Теңіз кемесінде құтқару кеудешелері кез келген уақытта пайдалануға дайын б о л а т ы н д а й е т і п с а қ т а л а д ы .

Вахталық персоналдарға арналған құтқару кеудешелері вахта болу орындарында (көпіршеде, радиорубкада және машина бөлімінде) сақталады.

9. Теңіз кемесі командасының әрбір мүшесі үшін гидротермокостюм көзделеді.

Гидротермокостюм су өткізбейтін материалдан жасалады және адам организмін суық суда суық өтуден сақтауға арналған.

Егер гидротермокостюм құтқару кеудешесін киюді талап етсе, онда құтқару кеудешесі гидрокостюмнің сыртынан киіледі.

10. Теңіз кемесіндегі әрбір адам үшін жылу қорғау құралы көзделеді.

Су өткізбейтін материалдан жасалатын жылу қорғау құралы құтқару кеудешесінің сыртынан киіледі және бетін қоспағанда, адамның барлық денесін жауып тұрады және төменгі ауа температурасы кезінде өз функциясын атқарады.

11. Қолайсыз жағдайлар кезінде құтқару және кезекші қайықшалардың қауіпсіз түсірілуін қамтамасыз ету үшін теңіз кемесінің палубасында орналасқан жерден не құтқару немесе кезекші қайықшадан бір адам әрекетке келтіретін түсіріп-отырғызатын с ы р ғ ы м а л а р қ о л д а н ы л а д ы .

12. Түсіру құрылғыларының шығырлары құтқару және кезекші қайықшаларды пайдалану жүзеге асырылатын жағдайларда тростың босаңсуының туындауын болдырмайтын автоматты жоғары жылдамдықты катайту құрылғысымен ж а б д ы қ т а л а д ы .

13. Осы Қағидалардың 4-тармағында санамаланған барлық құтқару құралдары әрбір он екі айда техникалық қызмет көрсетуден өтеді.

3. Теңіз кемелерін дабыл құралдарымен жабдықтау тәртібі

14. Барлық теңіз кемелері оның мақсатына және жүзу ауданына қарамастан, құрамына мыналар кіретін дабыл беру құралдарымен жабдықталады:

1) дабыл-айырғыш фонарьлар (2 тополық, оң борттың 1 борттық, сол борттың 1 борттық, 1 артқы, 2 ақ шеңберлі, 2 қызыл шеңберлі);

2) дабыл-жарқылдақ фонарьлар (маневр көрсететін 1 фонарь, күндізгі дабыл беретін
1 ш а м) ;

3) дыбыстық дабыл құралдары (1 ысқырғыш, 1 қоңырау, 1 даңғыра);

4) дабыл фигуралары (3 шар, 1 конус, 1 ромб);

5) пиротехникалық дабыл құралдары (12 парашюттік зымыран);

6) радиолокациялық шағылыстырғыштар (1 радиолокациялық шағылыстырғыш).

Осы тармақтың 5 тармақшасы рейдте және портта жүзетін теңіз кемелеріне қ о л д а н ы л м а й д ы .

15. Дабыл беру құралдары кез келген уақытта пайдалануға дайын күйінде болатындай етіп теңіз кемесіне орнатылады және онда сақталады.

16. Негізгі және қосалқы жиынтық фонарьлар үшін оларды орнатуға штаттық орындар көзделеді.

4. Теңіз кемелерін радиожабдықтау жөніндегі тәртіп

17. Барлық теңіз кемелері оның мақсатына және жүзу ауданына қарамастан, құрамына мыналар кіретін кеме радиожабдығымен жабдыкталады:

1) радиобайланыс құралдары (радиоқондырғының ультрақысқа толқындары (УҚТ), аралық толқындары (АТ) және аралық пен қысқа толқындар (АТ/ҚТ);

2) жылжымалы спутниктік байланыстың Халықаралық ұйымының кеме жер станциясы (англ. International Maritime Satellite Organization – INMARSAT, қаз. И Н М А Р С А Т) ;

3) теңіздегі қауіпсіздік жөніндегі ақпаратты қабылдауға арналған кемеге навигациялық, гидрометеорологиялық ақпаратты және 518 кГц жиілікте апат туралы ақпаратты хабарлайтын халықаралық автоматтандырылған хабарлау жүйесінің құрылғысы (Navigational Telex – NAVTEX, қаз. НАВТЕКС);

4) аварияға ұшыраған теңіз кемелері мен ұшақтарды табу және тұрған жерін анықтау халықаралық спутниктік жүйесінің (КОСПАС – Аварияға ұшыраған кемелерді табатын ғарыштық жүйесі, CAPCAT (SARSAT – Search and Rescue Satellite) – табу және құтқаруға арналған спутниктік іздеу жүйесі, қаз. КОСПАС-САРСАТ) немесе жылжымалы спутниктік байланыстың Халықаралық ұйымының (ИНМАРСАТ) спутниктік автоматты радиобуйы;

5) автоматты радиобуйдің УҚТ (радиоқондырғының ультрақысқа толқындары);

6) радиолокациялық жауап бергіш (кемелік);

7) қ а б ы л д а ғ ы ш ;

8) р а д и о қ о н д ы р ғ ы ;

9) а н т е н н а қ ұ р ы л ғ ы с ы ;

10) ж е р г е т а р т у ;

12) з а р ь д т а у қ ұ р ы л ғ ы с ы ;

13) кабель желісі.
18. Әрбір теңіз кемесі:

1) кемінде екі жеке тәуелсіз құралдармен «кеме-жағалау» бағытындағы апат туралы құлақтандырулар беруді;

2) «жағалау-кеме» бағытындағы апат туралы құлақтандыруларды қабылдауды;

3) «кеме-кеме» бағытындағы апат туралы құлақтандыруды беруді және қабылдауды ;

4) іздеу мен құтқаруды үйлестіру үшін хабарларды беруді және қабылдауды;

5) апат болған жерден хабарларды беруді және қабылдауды;

6) теңіздегі қауіпсіздік жөнінде ақпаратты беруді және қабылдауды;

7) кемелердің маневрі кезіндегі өзара іс-қимылды келісу жөніндегі радиоалмасуды және кеме қозғалысын басқару қызметтерінің жұмыс істеуі үшін ақпарат беруді;

8) жалпы мақсаттағы радиохабарларды беруді және қабылдауды;

9) «көпірше-көпірше» хабарларын беруді және қабылдауды қамтамасыз етуге қабілетті байланыс құралдарымен жарақталады.

19. Радиожабдық механикалық, электр немесе өзге де көзден шыққан зиянды шулар оның тиімді қолданылуына бөгет болмайтындай, оның қауіпсіздігінің жоғары дәрежесі қамтамасыз етілетіндей, сондай-ақ судың зиянды әсерінен, қоршаған орта температурасының кенет өзгеруінен және басқа да қолайсыз жағдайлардан қорғалуы қамтамасыз етілетіндей етіп орналастырылады.

20. Теңіз кемесінде радиожабдықты орналастыру үшін металл қалқасы бар арнайы үй - ж а й л а р к ө з д е л у і т и і с .

21. Теңіз кемесінде орнатылған байланыс құралдары пайдалану және қызмет көрсету үшін оларға еркін қол жеткізу қамтамасыз етілетіндей, ал оларды қолдану теңіз кемесін басқаруға бөгет болмайтындай және персонал үшін қауіп төндірмейтіндей етіп орналастырылады.

5. Теңіз кемелерін навигациялық жабдықтау жөніндегі тәртіп

22. Барлық теңіз кемелері олардың мақсатына және жүзу ауданына қарамастан, құрамына мыналар кіретін навигациялық жабдықпен жабдықталады:

1) жолдың бас магниттік компасы;

2) қайықша компасы;

3) гидроскопиялық компас.

23. Кеменің навигациялық жабдығы мен оны навигациялық жарақтандыру кеме жүргізушіні кеменің тұрған жері, бағыты және жылдамдығы туралы дұрыс ақпаратпен, сондай-ақ ұйғарылған аудандарда және пайдалану жағдайларында теңіз кемесінің қозғалысын қауіпсіз басқаруға мүмкіндік беретін ақпаратпен үздіксіз қамтамасыз етілуі т и і с .

24. Теңіз кемесінде орнатылған навигация құралдары пайдалану және қызмет көрсету үшін оларға еркін қол жеткізу қамтамасыз етілетіндей, ал оларды қолдану теңіз кемесін басқаруға бөгет болмайтындай және персонал үшін қауіп төндірмейтіндей етіп орналастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК